

БЕКІТЕМІН:
**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:**
А.Тайпетова
2023 жыл

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының
2023-2024 оқу жылына арналған
қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Орындау мерзімі	Жауапты
1	1.Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру. 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау. 3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.	Қазан	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2	1.Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау 2. Штатық бірлік өзгерістері туралы ақпарат	Қаңтар	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
3	1.Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау. (балаларды бөбекжайға қабылдау тәртібі) 2.Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.	Наурыз	Меңгеруші Әдіскер Қамқоршылық кеңестің төрағасы
4	1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру 2. Қамқоршылық кеңесінің жыл бойы атқарылған жұмыстарының есебі.	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Қамқоршылық кеңестің төрағасы

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 01 хаттамасы

Қатысқандар: комиссия мүшелері

Өткізілген күні: 05 қазан 2023жыл

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі А.Тайпетова Қамқоршылық кеңестің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, Қ.Р Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023жылғы №56 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес «№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырдың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібен таныстырды. Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3(үш) жылды құрайтыны ескертілді.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Истлеуова Индира Маликовнаны ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Мұқанбетова Ақманар Қуанышқызы тағайындалды.


Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші А.Тайпетова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды.. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті. Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері, хатшысын тағайындау шешімі қабылданды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



И.Серикова

А.Мұқанбетова

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 02 хаттамасы

Қатысқандар: комиссия мүшелері

Өткізілген күні: 05 қаңтар 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Штаттық бірлік өзгерістері туралы ақпарат.

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Джаманова мен бірге бракераждық комиссия мүшелері балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік ас мәзір калькуляциямен танысты.


Екінші мәселе бойынша, меңгеруші А.Тайпетова штаттық кестеге енгізілген заңнамалық өзгерістер туралы ақпарат берілді. Білім беру саласындағы жаңартылған талаптар мен нормативтік-құқықтық актілер таныстырылды. Өзгерістердің мекеме жұмысына әсері түсіндірілді.

Шешімдерқабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Аталған заңнамалық өзгерістер жұмыс барысында басшылыққа алынсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



И.Серикова

А.Мұқанбетова

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 03 хаттамасы

Қатысқандар: комиссия мүшелері
Өткізілген күні: 01 сәуір 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау (балаларды балабақшаға қабылдау).
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Тыңдалды: 1. №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-да балаларды балабақшаға қабылдау электронды DaraBala.kz сайты арқылы жолдамамен қабылданып, электронды табель арқылы жүзеге асырылатыны туралы ата-анаға түсінік жұмыстары жүргізілгені хабарланды. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бүгінгі таңда балабақшаға жолдама алып келген 21 бала қабылданды.


Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның медбикесі К.Бегимбаева ауырған балалардың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізілетіні хабарланды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді: қамқоршылық кеңес мүшелері балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Шешім:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Бала қауіпсіздігі мен денсаулығы басты назарға қойылып, жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Хатшы:



И.Серикова
А.Мұқанбетова

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 04 хаттамасы

Қатысқандар: комиссия мүшелері
Өткізілген күні: 13 мамыр 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі.

Тыңдалды:



1-мәселе бойынша меңгеруші К.Муринова жазғы сауықтыру кезеңіндегі жоспарланған шаралар туралы баяндама жасады. Балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларын сақтау мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар жазғы іс-шараларды тиімді ұйымдастыру жолдары талқыланды.

2-мәселе бойынша меңгеруші К.Муринова қамқоршылық кеңестің жылдық есебі тыңдалды. Жыл бойы атқарылған жұмыстар, өткізілген іс-шаралар және қол жеткізілген нәтижелер туралы толық ақпарат берілді. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға талдау жасап, алдағы міндеттерді белгіледі.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру шаралары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Хатшы:



И.Серикова
А.Мұқанбетова